

КЕ АҚ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Тарих факультеті
Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

BV 1201- Кітапханатану

Қорытынды емтихан бағдарламасы

Мамандығы: 6B03205 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер

Курсы - 1
Кредит саны - 6
Семестр - күзгі

Алматы, 2021 ж.

Емтихан бағдарламасын «6B03205 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығының жұмыс оқу жоспары және білім беру бағдарламасы пәндерінің каталогы негізінде п.ғ.к., доцент м.а. Г.И.Нұржанова құрастырды.

Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану
кафедрасы мәжілісінде қаралды және ұсынылды
«_____» _____ 2021 ж., хаттама № _____

Кафедра меңгерушісі _____ Г.Б. Жұматай

Факультет Әдістемелік бюро мәжілісінде ұсынылды
_____ 2021 ж., хаттама _____

Әдістемелік кеңес төрайымы _____ Ж.М. Терекбаева

Қорытынды бақылауды (емтиханды) өткізу түрі: СДО "Oqylyq" (Жазбаша: дәстүрлі - сұрақтарға жауаптар).

СДО "Oqylyq" сыртқы ресурсында өткізіледі. Емтихан форматы - онлайн. Прокторинг бар, плагиатқа тексеріледі.

Емтихан өткізу технологиясы бойынша нұсқаулық:

1. Емтихан қарсаңында студенттер хабарландыру алады.
2. Браузерде (Google Chrome ұсынған) бетке өтіңіз <https://univer.kaznu.kz/>
3. Логин мен парольді пайдаланып жүйеге кіріңіз.
4. "Бакалавр" бөлімінде Office 365 логині сіздің <https://app.oqylyq.kz> кіру логиніңіз болып табылады
1. Көрсетілген уақытта студент "app.oqylyk.kz" сайтқа кіреді.
2. "Студенттік анкетасы" бөліміне өтеміз» ID бұл сіздің <https://app.oqylyq.kz> кіру пароліңіз
3. Жіберілген логин мен пароль бойынша студент сайтқа кіріп, емтиханды таңдайды.
4. Емтихан міндетті прокторингтен басталады: ноутбук немесе веб-камерасы бар үй компьютері қажет. Ол болмаған жағдайда смартфон камерасын, мысалы, "DroidCam client" қосымшасын пайдалануға болады.

Емтиханды өткізу әдістемесі:

1. Емтиханды бастау үшін оны тінтуірдің сол жақ батырмасымен басыңыз
2. Алдағы және аяқталған емтихандардың жалпы тізімін «Емтихандар» қосымша бетінен табуға болады.
3. Камера мен микрофонға қолжетімділікті қамтамасыз етіңіз.
4. Емтихан сипаттамасында емтихан ұзақтығы мен рұқсат етілген материалдар тізімі көрсетіледі.
5. «Бастау» түймесін басқаннан кейін емтиханға өтуге болады.
6. Терілген мәтінді сақтау үшін «Жіберу» түймесін жиі басу ұсынылады.
7. Егер сізде Интернетте проблемалар болса, бағдарламаға қайта кіріп, емтиханды жалғастыра аласыз. Бұл жағдайда қосымша уақыт берілмейді. Техникалық түзетуге ең ұзақ уақыты - 20 минут. Егер ол асып кетсе, жағдайға байланысты жазылған жұмысты жою немесе емтиханды басқа күнге ауыстыру туралы шешім қабылданады.
8. Егер емтихан уақыты аяқталған болса және сіздің жауабыңызды жіберуге уақытыңыз болмаса, бос жауап жіберіледі.
9. Емтиханда сіздің құрылғыда болмағаныңызды немесе экраннан алыстағаныңызды жазылып отырады. Сондықтан, мұндай алыстаулардың жеделдігі туындаса, себебін қатты және нақты айту керек. Бұзушылық туралы шешімді бейнебақылау тексерушісі қабылдайды.
10. Емтихан аяқталғаннан кейін студент "Аяқтау" түймесін басады.

Қорытынды емтихан бағдарламасы

Кітапханатанудың теориялық негіздері. Кітапханатану туралы ұғым.

Кітапханатанудың теоретикалық негіздерін түсіну үшін терминологиялық жүйесінің орны. Кітапханатанулық және туыстас ғылымдар терминдерінің мазмұны: «Кітапхана», «Кітапханашы», «Кітапхана ісі», «Құжат», «ақпарат», «жарнама», «ақпарат жүйесі», «кітапхана пайдаланушы».

Кітапханатану дамуының негізгі кезеңдері

Бірінші кітапханалардың пайда болуы – кітапханатанулық ойдың дамуының объективті себебі. Кітапханатанулық ой мынадай түсініктер туралы: «Кітапхана», «Кітапхана қорын ұйымдастыру, сақтай сипаттамау», «каталогтандыру». Орта ғасырлар кітапханатанулық ойы шіркеу нұсқаулар мен ережелерінде бейнеленуі. Кітапхана ісі бойынша бірінші баспа еңбектер мен нұсқаулар пайда болуы.

Ресейде кітапханатанулық ойдың пайда болуы. Кітапханатанудың ғылыми жүйесі ретінде қалыптасуы объективті себептермен байланысы. Кітапханатану дамуының негізгі кезеңдері. Кітапханатанудың ғылыми және оқу пән ретінде қалыптасуына белгілі кітапханатанушылардың (М. Шреттингер, В.И.Собольшиков, Н.А.Рубакин және т.б) қосқан үлесі.

Кітапханатанудың ғылыми пән ретіндегі құрылымы проблемасын өңдеу. Кітапханатанудың оқу пәні ретінде қолданбалы бағыттылығы.

XX ғасырдағы кітапханатанулық ғылымның екі бағытының мінездемесі: буржуазиялық және социалистік «Теоретикалық» және «Тәжірибелік» кітапханатануды жақтаушылардың арасындағы дискуссия.

Ш. Ранганатан, Д. Х. Шира басқа белгілі шетелдік кітапханатанушылар кітапхана ісінің мазмұны, әлеуметтік және саяси бағыттылығы жөнінде. Кітапханатанудың теоретикалық мәселелері бойынша 20-шы - 30-шы ж.ж. дискуссиялар. Кітапханатанудың ғылыми дәлелдеу проблемаларының өңдеуіне белгілі кітапханатанушылар Ю. В. Григорьев, О. С. Чубарьян, В.С. Артисевич т.б. қосқан үлесі.

Отандық кітапханатанудың құрылымында «Жалпы кітапханатану» деп аталатын ғылыми және оқу тарауының бөлінуі. Кітапханатанудың жеке тарауларының активті дамуы. Кітапханатанудың әлеуметтік институт ретінде инфраструктурасының өзгеруі.

Қазіргі кітапханатанудың мәні, міндеттері және құрылымы.

Кітапханатану мәнін түсінудің дискуссиялық анықтамасы. Кітапханатанудың пәні, оның мәнін білдіруші. Кітапханатанудың объекті мен оның негізіне алынатын құрамдас элементтері.

Кітапханатанудың ғылыми және әлеуметтік функциялары. Кітапханатану танымалы функциясының негізгі мәні. Кітапханатанудың туынды ғылыми функцияларының ролі. Кітапханатанудың адам мен қоғам өмірінің әр түрлі өрістерімен әрекет жасағанда орындайтын әлеуметтік функциялары.

Кітапханатанудың құрылымдалуында әр түрлі амалдар: ғылымтанулық,

кітапханатану ғылыми пәні ретінде, кітапханатану оқу пәні ретінде. Кітапханатанудың құрылымын анықтау – кітапханатанудың ең маңызды жалпытеориялық проблемаларының бірі.

Кітапханатанудың методологиясы мен әдістемесі.

Кітапханатанулық зерттеуді ұйымдастыру. Кітапханатанудың жалпы және жеке методологиясы. Кітапханатану үшін диалектиканың маңызды заңдары мен принциптерінің, философиялық категорияларының негіз болатын мәні. Кітапхана ісінің заңдылықтары мен принциптері – кітапханатанудың жеке методологиясы.

Кітапханатанудың дамуы үшін ғылыми әдістеменің мәні. Кітапханатанудың ғылыми әдістерін қолдану саласы бойынша және зерттелетін аспекті бойынша жіктеу. Кітапханалық теориясы мен тәжірибесінде жалпығылыми зерттеу әдістерін пайдалану.

Кітапханатанулық зерттеудің негізгі кезеңдерінің жүйелілігі. Кітапханатану саласындағы ғылыми зерттеудің өзекті проблемалары.

Кітапханатанудың статусы мен оның ғылымдар жүйесіндегі орны.

Ғылыми білім жүйесінде кітапханатанудың статусының жалпы мінездемесі. Кітапханатану - әлеуметтік ғылым.

Кітапханатану және жалпығылыми пәндер (Мәдениеттану, Әлеуметтану, Экономика, Педагогика, Психология, Математика).

Кітапханатану және кітапханалық-библиографиялық, ақпараттық цикл пәндері (Библиографиятану, Кітаптану, Информатика, Архивтану).

Қазіргі кітапхананың әлеуметтік функциялары.

Кітапхананың әлеуметтік функциялары туралы түсініктердің әр түрлілігі мен бірлігі.

Кітапхананың ақпараттық функциясы туралы әр түрлі пікірлер. Оны орындаудың формалары. Кітапхананың мәдениеттік функциясының мазмұны мен оны жүзеге асыру. Кітапхана-мәдениет дамуының, елдер мен халықтарының мәдени игілігін таратудың, жаңартудың маңызды факторларының бірі. Кітапхананың білім беретін функциясының жеке адамның әлеуметтік процесінде, білім беру мен өз бетімен білім алу жүйесіндегі орны.

Кітапхананың құрылымдық мінездемесі

Кітапхананың негізгі элементтері: құжат-оқырман-кітапханашылар материалды-техникалық база.

«Құжат», «кітап», «баспа шығармасы» түсініктерінің ақпарат таратушылар ретіндегі ара қатысы. Кітапхана қоры - тәртіпке келтірілген құжаттар жиынтығы. Кітапхана қорының құрылымы.

«Оқырман», «кітапхана пайдаланушы», «ақпарат тұтынушы» түсініктерінің ара қатысы. Кітапхана элементі ретінде оқырманның ролі, оның кітапхананың басқа элементтерімен байланыстары. Оқырмандар типологиясы.

Кітапханашы – кітапхананың ең активті элементі. Кітапхананың барлық

элементтерінің әрекеттемітігінде, олардың әлеуметтік мазмұнының іске асыруында кітапханашының ролі.

Кітапхананың материалдық-техникалық базасының құрамы. Материалдық-техникалық базасының кітапхананың басқа элементтеріне әсер етуі. Даму процесінде, кітапхананың күрделенуінде пайда болатын кітапхананың қосымша элементтері.

Кітапхананың функционалдық мінездемесі

Кітапхананың қызметінің негізгі элементтері. Кітапхананың функцияларын орындалуын қамтамасыз ететін процестеріне сыртқы орта мен кітапхананың өзара әсер етуі. Кітапхананың сыртқы ортасының объектілері (қызметі мен өнімдерін тұтынушылар, кітапхана қызметіне жағдай жасайтын мекемелер мен ұйымдар т.б) Кері байланыс – кітапхана дамуының негізі.

Кітапхана қызметі мен өнімдерін құру мен жылжыту жөніндегі кітапхана әрекетінің бірлестірілген процесінің құрамдас бөліктері, негізгі, көмекші және басқару әрекеті.

Кітапхана қызметінің қорытындысы – кітапхана қызметіне қоғамдық сұранысты көрсететін, кітапхана жұмыс істеуінің негізгі элементі. Кітапхана қызметінің қорытындысына ақпараттық қажеттіліктермен кітапханалық ресурстардың әсері.

Кітапхананың ұйымдастырулық құрылым

Кітапхананың және оның құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдастырулық құрылымына кітапхананың әрекет процесінің мазмұнының әсері.

Кітапхананың өндірістік және басқару құрылымы. Жұмыс орны-кітапханының өндірістік құрылымының алғашқы түйіні.

Кітапхананың функциональдық-технологиялық құрылымы мен оның негізі: қорды іріктеп толтыру. Оқырмандарға қызмет көрсетуді ұйымдастыру, библиографиялық қызмет. Кітапхананың басқару құрылымы мен оның құрамдас бөліктерін және арнайы бөліктерін басқару.

Кітапханалар типологиясы

Кітапханалар типологиясының мәні мен критерийлері. ЮНЕСКО ұсынған кітапханаларды жіктеу. Белгілі кітапханатанушылар М. А. Потапов, И. М. Фрумин, О. С. Чубарьян, В. В. Скворцов ұсынған кітапханалар типологиясы.

Ұлттық кітапханалар. Ұлттық кітапханалардың әлеуметтік міндеті. Ұлттық кітапханалардың типологиялық және қосымша функциялары. Ұлттық кітапханалардың өз елдерінің кітапхана ісінің дамуына қосқан үлесі.

Әмбебаптық кітапханалар. Әмбебаптық кітапханалардың негізгі типологиялық шектері. Әмбебаптық кітапханалардың түрлері. Әмбебаптық кітапханалардың аймақтық маңызы. Облыстық әмбебаптық ғылыми кітапханалар әрекетінің өзгешелігі. Әмбебаптық көпшілік кітапханалардың дифференциациясы мен орталықтандыру. Балалар мен жасөспірімдер кітапханалары. Қоғамдық ұйымдардың көпшілік кітапханалары.

Арнайы кітапханалар. Арнайы кітапханалардың әлеуметтік міндеті. Арнайы кітапханалардың ерекше өзгешеліктері. Арнайы кітапханалардың салалық дифференциациясы. Арнайы кітапханалардың ұйымдар әрекетінің өзгешеліктеріне байланысты дифференциациялау

Кітапханалық мамандық

Кітапханалық мамандығының әлеуметті дәлелденген бағыттылығы. Бірінші мамандар- кітапханашылар пайда болуы. Кітапханатанулық білімдерді Германияда, АҚШ та, Ресейде оқытудың басталуы.

Кітапханашы профессиограммасы және оны кітапханатануда өңдеу. Кітапханалық әрекеттің ұжымдық өзгешелігі. Кітапханашы жұмысының сапалы мінездемесі. Функционалды талдау пікірі бойынша кітапханалық кадрлардың негізгі топтары. Кітапханашыға қойылатын жалпы кәсіптік талаптар. Кітапханалық әрекет пен кітапханалық мамандықтардың түрлері. Кітапхана кадрларының үзіліссіз кәсіптік жетілдіру формалары.

Кітапхана ісі туралы жалпы мағлұмат

Кітапхана ісі кітапханалық ресурстар мен кітапханалық қарым-қатынастардың өзара іс әрекеті ретінде. Кітапхана ресурстарының негізгі анықтамасы.

Кітапханалық қор –кітапхана ісінің негізгі іс әрекеті. Кітапхана қорының сандық және сапалық құрамы, оның қоғамдық және жеке дара ақпараттық қызмет көрсету деңгейін көтеру факторы ретінде.

Кітапханалық қызмет көрсетудің сапасын көтеруде жаңа ақпараттық технологияларды ендіруде, кітапханалық материалдық-техникалық базаларының атқаратын ролі. Кітапхана ісінің қарама қайшылықтар жүйесі және оны шешу жолдары.

Кітапхана ісін ұйымдастырудың негізгі принциптері

Кітапханалық қызмет көрсетудің көпшілік **қолданысы** – кітапхана ісінің негізгі принципі. Оны жүзеге асыру жолдары

Кітапхана ісін ұйымдастыру принциптерінің бірі-оқырмандар көңілдерінің приоритеті. Оқырмандардың ықыласын арттыруға жағдай жасаудың, оларды оқырмандар дифференциасымен қоғамның құндылықтарын есепке ала отырып дамыту қажеттілігі.

Кітапхана ісінің жүйелік дамуы кітапхана ісінің әр түрлі түйіндер арасындағы пропорцияларды сақтаудың мәні.

Кітапхана ісін тұтас жүйе ретінде жоспарлау. Жоспарлаудың түрлі кезеңдерінде кітапхана ісін талдау.

Кітапхана ісін орталықтандыру мен децентрализациялаудың оптималды үйлестірілуі. Оны қамтамасыз ету факторлары.

Үйлестік пен бірлестіру- кітапхана ісінің нәтижелілігі өсуінің маңызды факторы. Кітапханалық үйлестіктің әдістері. Бірлестіру процесінің формалары.

Кітапханалық жүйелер қалыптасуының заңдылықтары

Кітапхана ісінің жүйелік дамуының объективті ерекшелігі. Кітапханалық жүйелер қалыптасуының жолдары.

Кітапханалық жүйелер қалыптасу негізі — кітапханалардың өзара байланыстары. Кітапханалардың өзара байланыстарының әр түрлі бағыттары.

Кітапханалық жүйенің біртұтастығы. Оның компоненттерінің қосылушылығы. Кітапханалардың ведомстволық және ведомство аралық мүддесінің байланысы.

Кітапханалық жүйелердің құрылымдық ұйымдастырылуы. Ведомство-салалық кітапханалық бірлестіктер. Әмбебаптық территориялық кітапханалық бірлестіктер.

Кітапханалық жүйенің дамуы. Кітапханалық жүйе қалыптасуының негізгі кезеңдері.

Кітапхана ісін басқару жүйесі

Кітапхана ісін басқару негіздері. Кітапхана әрекетімен басқарудың ара қатынасы. Ғылыми дәлелденген және реалистикалық кітапханалық саясат басқару негізі. Басқарудың мақсаты мен олардың дифференциясы.

Кітапхана ісін басқарудың ұйымдастырулық құрылымы. Мемлекеттік басқару ұйымдары. Үйлестік басқару ұйымдары.

Кітапхананы басқару: кітапхананың әрекетін басқару және кітапхана дамуын басқару. Кітапхананы басқару құрылымы. Кітапхананы басқару мен кітапхананың өзара байланыстары.

Кітапхана ісін басқару жүйесін жетілдіру. Кітапхана ісін басқару жетілдіруінің комплексті тәсілдерінің негізгі компоненттері. Басқарудың дамуы — басқару жүйесінің міндетті компоненті. Жалпы кітапханалық заңдылықты жетілдіру.

ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Өте жақсы» - теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілген; практикалық тапсырма толығымен шешілген; материалдар логикалық жүйелілігіне сәйкес, сауатты берілген; шығармашылық қабілеттері көрсетілген

«Жақсы» - Теориялық мәселелер дұрыс, бірақ толық емес жауаптар, мәнсіз қателіктері немесе дәлсіздіктер кездеседі; практикалық тапсырма орындалған, алайда жіберілген болмашы қателік кездеседі; материалдар логикалық сауаттылықпен жасалаған.

«Қанағаттанарлық»- 1. Жауаптар теориялық сұрақтар негізінен дұрыс, бірақ толық емес, дәлсіздік және логикалық қателік кездеседі; тәжірибелік тапсырма толық емес; материалы сауатты, бірақ логикалық жүйелілігі қарастырылмаған.

«Қанағаттанарлықсыз» - жауапта теориялық сұрақтарға байланысты өрескел қателіктер жіберілген; практикалық тапсырма орындалмаған; баяндау жауабында грамматикалық, терминологиялық қателіктер жіберілген, логикалық жүйелілік сақталмаған.

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Балл (%-дық мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	
A-	3,67	90-94	Өте жақсы
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	

B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Положение о библиотечном деле в Республике Казахстан Утв. Министерством культуры Республики Казахстан 29 марта 1996 г. Алматы, 1996. – 14с.

1. Нұрахметова К.Ғ. Жалпы кітапханатану: Оқу құралы.-Алматы, 1998.-60 бет.
2. Библиотековедение. Общий курс: Учебник для библ.фак-тов институтов культуры /Под.ред.К.И. Абрамова, Н.С. Карташова.-М.: Книжная палата, 1988.-223с.
3. Абугалиева Г. Главная библиотека ученых Казахстана: Вестник библиотечной Ассамблеи Евразии. Научно- практический журнал.- 2005. № 2. с. 69-73.
4. Библиотековедение, библиографоведение, информатика. Терминологический путеводитель. –М., 2006.
5. Блэйк Р., Моутон Д. Научные методы управления.- Киев: Наукова думка 1990. -248 с.
6. Даулетова Н.К. Научные универсальные библиотеки Казахстана.-Алма-Ата: Казахстан, 1976.-96.
7. Даулетова Н.К. Нұрахметова К.Ғ. Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихы.- Алматы: Білім, 1994-88б.
8. Джокебаев А. История библиотечного дела в Казахстане.-Алма-Ата, 1964.
9. Дрешер Ю.Н. Современная концепция подготовки специалиста-библиотерапевта: научно-методическое пособие. М. 2003.
- 10.
11. Капташов Н.С., Скворцов В.В. Общее библиотековедение: Учебник. В 2 ч.- М.- Издательство МГУК,- 1996-1997.

12. Меленьтева Ю. Сельская библиотека: проблемы развития и перспективы. Научно-методическое пособие.- М, 2003.
13. Отле Поль Труды по библиотековедению. Руководство для общественных библиотек.- М., 2002.- 232 с.
14. Скворцов В.В. Теоретические основы библиотековедения. с.ч. 2.
15. Карташов Н.С. Общая теория библиотечного дела. М.- 256с.
16. Карташов Н.С. Региональное библиотековедение: Научно-методическое пособие.-М.,2004.
17. Национальная библиотека: структура преобразования, новая стратегия.-М., 2004.